

функции контроля над системой управления карательным учреждениям, действовавшим под надзором ЦК и Политбюро ВКП(б).

В этот же период происходит дальнейшее сращивание партийного аппарата с государственным. Практически все занимаемые должности в правительстве входили в партийную номенклатуру, и соответственно все партийные решения дублировались и беспрекословно исполнялись органами управления на местах.

#### Список литературы

1. Протоколы заседаний ВЦИК рабочих, солдатских, крестьянских и казачьих депутатов II созыва. — М.: Госиздат, 1918. — 525 с.
2. Архив Президента Республики Казахстан (АП РК) — Ф. 140. — Оп. 1. — Д. 4. — Л. 36.
3. АП РК. — Ф. 140. — Оп. 1. — Д. 8. — Л. 3–3 об.
4. АП РК. — Ф. 140. — Оп. 1. — Д. 10. — Л. 2.
5. Советская степь. — 1928. — 28 авг. — № 196 (1401). — С. 2.
6. *Сартаев С.С.* Образование и становление Казахской Советской государственности. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. — 128 с.
7. Декреты Советской власти. Т. 1. — М.: Госиздат, 1957. — 625 с.
8. Центральный Государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). — Ф. 5. — Оп. 8. — Д. 1. — Л. 41.
9. *Ирошников М.П.* Председатель Совета Народных Комиссаров. Ульянов (Ленин): очерки государственной деятельности в 1917–1918 гг. — Л.: Наука, 1974. — 448 с.
10. ЦГА РК. — Ф. 30. — Оп. 1. — Д. 4. — Л. 133.
11. История государства и права Советского Казахстана. — Т. 2. (1926–1937 гг.) / Под ред. С.З. Зиманова, М.А. Биндера. — Алма-Ата: Наука, 1963. — 474 с.
12. ЦГА РК. — Ф. 1020. — Оп. 2. — Д. 2. — Л. 3.
13. ЦГА РК. — Ф. 1022. — Оп. 1. — Д. 1. — Л. 2.
14. ЦГА РК. — Ф. 30. — Оп. 1. — Д. 53. — Л. 14–15.
15. ЦГА РК. — Ф. 30. — Оп. 1. — Д. 444. — Л. 76.
16. ЦГА РК. — Ф. 28. — Оп. 1. — Д. 38. — Л. 3.
17. АП РК. — Ф. 139. — Оп. 1. — Д. 261. — Л. 34.
18. АП РК. — Ф. 140. — Оп. 1. — Д. 65. — Л. 9.
19. АП РК. — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 28. — Л. 18.
20. ЦГА РК. — Ф. 5. — Оп. 1. — Д. 1. — Л. 57.

ӘОЖ 348.97

### Әлемнің құқықтық картасындағы мұсылман құқығы

Ахметова Н.С., Ғалы Ж.О.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассмотрены мусульманское право как одна из самостоятельных правовых систем современности, его роль и место на правовой карте мира. Системно и комплексно проведен анализ применения норм мусульманского права, масштабов и степени влияния на действующее кодифицированное законодательство в рамках предложенной классификации современных правовых систем стран зарубежного Востока.

In the article Muslim law is considered to be as one of the independent legal systems of the present time, its role and place on a legal map of the world are extensive and important nowadays. In the article analysis of Muslim law norms application, its scales and levels of influence on existing codified legislation in the frames of offered classification of modern legal system in countries of foreign East is systematically and fully made.

XX ғасырдың басына қарай тек Аравия түбегі мен Парсы шығанағы елдерінде ғана мұсылман құқығы өзінің дәстүрлік қалпында әрекет етті деп айтуға болады. Ал қалған мұсылман елдері XX

ғасырдың ортасына қарай фикхтен, негізгі құқықтық нысан ретінде, бас тартты. Дамыған араб елдерінің құқықтық жүйелері, кейбір ауытқулармен, негізгі екі үлгіде құрастырыла бастады: романо-германдық (француздық) — Мысыр, Сирия, Ливан, Магриб елдері және англо-саксондық — Ирак, Судан. Бұл елдерде мұсылман құқығы тек негізінен мұсылмандар арасындағы неке-отбасылық, өсиет және тағы басқа кейбір қатынастарды реттеуші ретіндегі рөлін сақтады.

Иранның құқықтық жүйесіне де сәйкес баға беруге болады. XX ғасырдың 20–30-жылдары өткен күрделі реформалардың нәтижесінде Иранда да мұсылман құқығының әрекет ету аумағы тарылды. Бұл реформалар сауда, қылмыстық, азаматтық және азаматтық іс жүргізу кодекстерінің қабылдануымен байланысты болды. Джафариттік сипаттағы фикх өзінің орнын тек жеке мәртебе және вакфтердің құқықтық жағдайын анықтау салаларында сақтап қалды [1; 35–38, 224, 106–108].

Құқықтық жүйелерді түбегейлі қайта құру, сондай-ақ фикх нормаларын кеңінен кодификациялау аталған елдердегі мұсылман құқығының құрылымының өзгеруіне алып келді. Мұсылман құқығы құрылымының, оның салалары деңгейіндегі өзгеріске ұшырауы, оның нормаларының құқықтық ерекшеліктерінің айқын өзгерістерімен үйлесті. Себебі Маджалланың (Осман империясында 1869–1876 жж. қабылданған Соттық және азаматтық құқықтары бойынша мұсылмандық-құқықтық нормалардың жинағы) және жеке мәртебе сұрақтары бойынша заңнаманың шығуынан кейін әрекет етуші мұсылман құқығының қайнар көзі ролі біртіндеп, мемлекеттік уәкілетті органдармен қабылданған нормативтік-құқықтық актіге өтті [2].

Қазіргі кезде аталған елдердің ешқайсысында мұсылман құқығы жалғыз әрекет етуші құқық болып табылмайды. Сондай-ақ мұсылман құқығы ешбір мұсылман елінде әрекет етуші құқықтық нормалар жүйесі ретіндегі өзінің орнын толықтай жоғалтқан жоқ. Тек Түркияда ғана XX ғасырдың 20-жылдары халифатты ресми түрде жойғаннан кейін, барлық салаларда мұсылман құқығын батыс еуропалық модельдегі заңнамамен ауыстырылды.

Мұсылман құқығы нормаларының қолданылуы мен оның әрекет етуші заңнамаға әсер ету деңгейіне байланысты әдебиеттерде мұсылман елдерінің қазіргі кезгі құқықтық жүйелерін келесідей бөлу ұсынылған.

Бірінші құқықтық топты мұсылман құқығы максималды кең қолданылатын Сауд Аравиясы мен Иран құрайды. Ең алдымен мұсылман құқығының нормалары мен қағидалары бұл елдерде қалыптасқан конституциялық заңнамаға және басқару нысанына әсер етеді. Аталған екі мемлекетте мұсылман құқығы әрекет етуші құқықтың басқа да салаларында басымдыққа ие. Атап айтсақ, Иранның конституциясы барлық қабылданатын заңдардың шарифатқа сәйкес болу талабын бекітеді. Бұл талаптармен қоса аталған елдерде, сәйкесінше ханбалиттік Сауд Аравиясында және джафариттік Иранда, мұсылман құқықтық мектептерінің қағидалары мен нормаларын бекітуге бағытталған заңдар қабылданған. Жеке мәртебе саласында мұсылман құқығы өзінің дәстүрлі нысанында қолданылуда. Бұл сотты ұйымдастыру және сот процесінің қағидаларына да қатысты.

Егер Сауд Аравиясында мұсылман құқығы ешқашан өзінің негізгі, басымдыққа ие құқық қайнар көзі ретіндегі орнын жоғалтпаған болса, Иранда ол мұндай дәрежеге қайтадан тек шах режимі құлатылғаннан кейін ғана жетті.

Екінші топты ЙАР, Ливия, Пәкістан және Судан мемлекеттерінің құқықтық жүйелері құрайды. Бұл елдердегі мұсылман құқығының әсер ету шеңбері, Сауд Аравиясы мен Ирандағы сияқты, кең емес, бірақ айтарлықтай ауқымды және кейінгі он жылдықтарда, ғалымдардың айтуы бойынша, кенею тенденциясы байқалады. Мұсылман құқығының нормалары мен қағидаларының ең алдымен бұл елдердің конституциялық сипаттағы негізгі актілеріне және мемлекеттік механизмнің құрылымы мен қызметіне әсер етеді. Аталған мемлекеттердің жалпы құқықтық жүйеде фикхке басты орын беріледі. Атап айтқанда, 1977 жылы Ливияда Құран Конституцияның орнына қолданылатын «қоғам заңы» деп жарияланды. 1970 жылғы ЙАР және 1973 жылғы Пәкістан Конституциялары мұсылман құқығының заңнаманың негізгі қайнар көзі ретіндегі орнын бекітеді, ал 1985 жылғы Судан конституциясы мұсылман құқығын бұл орынға әдет-ғұрып нормаларымен қоса бекітеді. 1977 жылы Пәкістанда, мемлекетте қалыптасқан заңнаманы шарифатқа сәйкестендіру бойынша ұсыныстарды құрастыратын, ислам идеологиясының Кеңесі құрылды. ЙАР-да 1975 жылы конституцияға сәйкес, мұсылман құқығының нормаларын кодификациялау бойынша құрылған, ғылыми комиссия жұмыс істей бастады. Осы Комиссияның бастауы бойынша 1976–1978 жж. сыйға тарту және вакф туралы заңдар күшіне енді. Аталған актілердің барлығы, олардың үндемеуі жағдайында, мұсылман құқығының «сәйкес келетіндеу» нормалары мен қағидаларын қолданылуын қарастырады.

Құқықтық жүйені исламизациялау бойынша күрделі шаралар Суданда да қолданылды. 1983 жылы бұл елде мұсылман құқығының негізгі институттарын қабылдаған, жаңа қылмыстық заңнама күшіне енді, ал 1984 жылы жер иеленуді реттейтін мұсылмандық-құқықтық нормаларды қолданысқа енгізу туралы президент жарлығына қол қойылды. 1985 жылдың сәуірінде Немейраның реакцияшыл режимі құлатылғаннан кейін Суданның жаңа басшылығы бұл заңнаманы жоятындығы туралы жариялады. Бұл жерде сөз мұсылман құқығынан бас тарту туралы емес, ескі заңдарды, оның «шынайы» нормаларын енгізуді көздейтін жаңаларымен алмастыру туралы болды.

Аталған төрт елде де мұсылман құқығы кез келген алып тастаусыз жеке мәртебе және вақфтердің құқықтық жағдайын реттеуде және мұсылман соттары сақталған.

Келесі топқа Парсы шығанағының кейбір елдері — БАӘ, Бахрейн, Кувейт, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азияның кейбір елдері — Бруней, Малайзияның кейбір штаттары жатады. Бұл мемлекеттердің негізгі заңдары исламның мемлекеттік сипатын жариялап, мұсылман құқығының заңнаманың негізгі қайнар көзі деп бекітеді. Аталған мемлекеттердің де заңнамаларына мұсылман құқығы, алдыңғы екі топтардың мемлекеттеріндегідей болмаса да, әсер етеді. Мысалға, 1960 жылғы Кувейттің және 1976 жылғы Бахрейн Қылмыстық кодекстері спирттік ішімдіктер мен құмар ойындар үшін жауапкершілік көздейді. Брунейде ішімдік заттарды сатуды шектеу туралы заң қабылданған, БАӘ-нің заңнамасы имамдар мен хатыбтердің құқықтық жағдайын толықтай реттейді, ал Бахрейнде қажылық пен зекет қорын ұйымдастыру туралы заңдар қабылданған. Бахрейнді сотты ұйымдастыру туралы заңы бойынша, заңда шешім болмаған жағдайда мұсылман құқығының жалпы қағидалары мен кейбір нормаларын қолдану туралы айтылған. Бруней мен Малайзияда мұсылман деликттік құқығының нормалары діни міндеттерді бұзушыларға қолданылады [3; 27–51, 69–75].

Тағы бір көпшілік елдерді біріктіретін топты араб елдерінің (Мысыр, Сирия, Ирак, Ливан, Марокко, Йордания, Алжир), Африканың (Самоли, Мавритания, Нигерияның солтүстік штаттары) көпшілік мемлекеттерінің құқықтық жүйелері және Ауғанстанның құқықтық жүйесі құрайды. Бұл топты құрайтын елдердің құқықтық жүйелеріне мұсылман құқығының әсер етуінің бірнеше аспектілерін қарастыруға болады. Олардың конституциялық құқығы негізінен ислам мен мұсылман құқығының ерекше жағдайын бекітеді. Мысалға, ол елдердің көбісінің конституциялары бойынша ел басшысы болып тек мұсылман ғана бола алады, ал мұсылман құқығы заңнаманың қайнар көзі болып табылады. Аталған конституциялық ереже басқа құқық салаларында да жүзеге асырылады. Мысалға, отбасы құқығы саласында, аталған мемлекеттердің көбісінде, толығымен мұсылман құқығына негізделген заңдар қабылданған. Оларға Ливанда қолданысқа ие, 1917 жылғы Отбасылық құқықтар туралы Осман империясының Заңы, 1920 және 1929 жылдардағы Мысырдың отбасы заңдары, 1953 жылы шыққан Сирияның «Жеке статус» туралы Заңы, Йордания, Ирак, Марокко, Сомали, Ауғанстан және тағы басқа елдердің ұқсас заңдары жатады.

Бірқатар елдердің (мысалы, Мысыр, Сирия, Ирак) азаматтық кодекстері, өсиет және мұрагерлікке байланысты барлық сұрақтар мұсылман құқығының және оған сәйкес қабылданған заңдардың негізінде реттеледі деген ережені қамтиды. Ондай мұрагерлік, өсиет, қамқорлық пен қорғаншылық, құқық қабілеттілігін шектеу сұрақтарын реттейтін заңдар (кодекстер) аталған топты құрайтын елдердің көбісінде қабылданып, мұсылман еместерге де қатысты қолданылады. Кейбір жағдайларда бұл сұрақтар доктринаның дәстүрлі нысанындағы мұсылман құқығымен реттеледі.

Басқа құқық салаларында мұсылман құқығы, жоғарыда көрсетілгендей, әмбебап сипатта әрекет етпейді. Бірақ дегенімен мұнда да оның кейбір нормалары қолданысқа ие. Сондай-ақ азаматтық құқықта, заңмен реттелмеген жағдайларда, оның субсидиялық қолданысына жол берілген. Атап айтқанда, Мысыр, Сирия, Ирак, Алжир, Ауғанстан, Йордания азаматтық кодекстерінің бірінші баптары заң реттемеген жағдайларда сот мұсылман құқығының қағидаларын қолданатындығы бекітілген. Сонымен қатар бұл елдердің азаматтық кодекстері өздерінің баптарында мұсылман құқығының құқығын асыра пайдалану, оқыс жағдайлар, шаруашылық және вақфтік жерлерді жалға беру, қарызды аудару және тағы басқа туралы бірқатар жалпы және нақты ережелерін бекітеді. Бұл елдердің азаматтық құқықтарында, соның ішінде қозғалмайтын мүлікке меншік құқығын реттеуде де, вақфтік мүліктің режимі туралы мұсылман құқығының нормалары белгілі бір маңызға ие. Аталған жағдай басқа да құқық салаларында орын алды, атап айтқанда, Марокко мен Солтүстік Нигерияның қылмыстық құқықтарында [3].

Жалпы алғанда, бұл топтағы мұсылман құқығының әрекет ету саласы айтарлықтай шектеулі. Осы топтың барлық мемлекеттерінде жеке мәртебе қатынастары бойынша туындаған дауларды шешу

кезінде мұсылмандық іс жүргізу құқығының көптеген нормаларын қолданатын мұсылман соттары әрекет етеді.

Ерекше топты мұсылман құқығы мұсылмандар арасындағы жеке мәртебе қатынастарын, сондай-ақ вакфтердің, зекетті жинау мен жұмсаудың құқықтық жағдайын реттейтін африкалық (Танзания, Мали, Чад) және азиялық (Үндістан, Филиппин аралдары) мемлекеттердің құқықтық жүйелері құрайды. Кейбір кездерді фикх нормалары бұл елдерде қабылданатын заңнамаға әсер етеді. Атап айтқанда, Танзанияның 1971 жылғы Отбасы кодексі мұсылман құқығының кейбір нормаларын бекітті. Бірақ ол елдің мұсылмандарының басым көпшілігі тұратын Занзибарада әрекет етпейді. Бұл жерде мұсылман құқығының ережелері отбасылық және азаматтық құқықта да дәстүрлі түрде доктрина нысанында қолданылады. Бұл елдерде мұсылман соттары әрекет етеді (мысалға, мұсылман соттары 1982 жылы Филиппин аралдарында мойындалды).

ЙХДР мен Тунистің құқықтық жүйелері ерекше орынға ие. Олардың неке-отбасы заңнамасына мұсылман құқығының белгілі бір әсер еткен, бірақ мұсылман құқығының кейбір институттарынан бас тарқан, мысалға, Тунисте заңнама полигамияға тыйым салған, ал ЙХДР-ның 1974 жылғы Отбасы кодексі шарифаттың кейбір ережелерін бекіткенімен, отбасы қатынастарында әйелдерге еркектермен тең ететін құқықтар берген. Екі елде де мұсылман соттары жойылған. Сондықтан қарастырылып отырған елдермен салыстырғанда бұл мемлекеттерде мұсылман құқығының әрекет ету шеңбері тар (заңнамасы шарифат нормаларын мүлде қамтымайтын Түркияны санамағанда).

XX ғасырдың басында батыс елдерінде мұсылмандардың үлкен қауымдарының пайда бола бастауымен, батыстық қоғамның алдында өзінің аумағында Шарифаттың легитимділігін мойындау мәселесін қарастыру сұрағы пайда бола бастады. Батыстағы мұсылман қауымдары тез өсе бастады. Сондай жылдамдықпен ата тектері мұсылмандық жаңа еуропалықтар мен американдықтардың исламдық санасы да өсе бастады.

Бөтен елдегі олар мұсылман екендерін еске түсіріп, міндеттері, діннен безгендер қатарына қосылмас үшін, исламды ұстану керек екендігін түсінді. Ал ислам шарифатсыз мүмкін емес болғандықтан, және мұсылман қауымының құқықтық негізі тұрғылықты елдің заңы емес жалпы исламдық құқық болғандықтан, шарифаттың батыс қоғамында орын алуы заңдылық болды.

Британия және оның одағының мемлекеттері соңғы ғасырлар бойы көптеген салаларда алдыңғы қатарда болды. Өндірістік төңкеріс кезінде де, бүкіл планета бойынша жаңа жерлерді игеру бойынша да және қазіргі мұсылман тұрғындарын өз қоғамына интеграциялаудың жаңа нысандарын іздеу, кезеңінде де алдыңғы қатарлы Британия өзінің либералдық құқықтық жүйесіндегі шарифаттың легитимділігін таныған алғашқы батыстық мемлекет болуы арқылы, халықаралық саясатта көшбасшы болуға құқығын дәлелдеді. Шарифаттың Британиядағы легализациясы исламның Батыстағы ғана емес, жалпы қазіргі замандағы бейімделуінің дәрежесін көрсетеді.

Британияның бұл көшбасшылығы оның саясатта орын алған оқиғалар мен қақтығыстардың соңынан емес, болуы мүмкін проблемалардың алдын алу үшін, олар орын алғанға дейін әрекет етуге үйренгендігімен түсіндіріледі. Мұндай тенденция Британиямен қатар британ Одағының басқа да елдерінде, ең алдымен Канадада байқалауда.

Батыс Қоғамының Шарифаттың құқықтық жүйенің легитимді бөлшегі екендігін түсінуге себепкер болған Кентерберийлік архиепископ Роуэн Уильямс және корольдік бас сот Николас Филлипс. Архиепископ Роуэн Уильямсқа келесі тарихи сөздер тиесілі: «Шарифаттың кейбір аспектілері біздің қоғамда танылған. Себебі олар мемлекеттің заңдарына қайшы келмейді». «Танылған» деген сөз сол кезде пайызсыз ислам банктері қызмет ететін, британдық қаржы саласына қатысты болған. Ал архиепископ британдықтарға Шарифатты мойындауда одан әрі баруды ұсынды [4].

Уильямстың логикасы бойынша мұсылмандар отбасы, әлеуметтік, қаржы және тағы басқа салаларында, ислам қағидаларын берік ұстана отырып, британдық заңнамаға емес, шарифат нормаларына бағынады. Мұсылмандардың ондай параллельдік нормаларға жүгінуі олардың британдық құқықтық жүйемен қамтылмауына алып келді. Уильямс британдық мұсылмандардың заңға бағынушылықтарын жоққа шығармаған, тек олардың шарифатты да, британдық заңнаманы да сақтаудағы туындайтын қиындықтарын баяндады. Бұл сұрақты орын алған фактіні тек заңдастыру жолымен ғана шешу мүмкін еді. Ол туралы «мұсылман қауымында ерікті негізде әрекет ететін, альтернативті, параллельдік құқықтық жүйе» туралы айтылып жатқан кезде, өзінің «Ұлыбританиядағы ислам» атты еңбегінде, Ислам мен христиандықты зерттеу институтының директоры Патрик Сухдео жазған болатын.

Сол себептен де Уильямс мұсылман қауымын қолдай отырып, олар ұстанатын параллельді шарифат нормаларын британ құқықтық жүйесінің бір бөлігі деп тануды ұсынған болатын. Сол арқылы

исламды ұстанушыларды Британияның құқықтық кеңістігіне енгізуді қолдады. Бұл бұрын орын алмаған жағдай болған жоқ, себебі еврейлік неке бұзу құқығының кейбір аспектілері бұрыннан британ құқығының бір бөлігі болып танылған. Ол қоғамның бөлінуіне немесе қоғамдағы құқықтық теңсіздікке алып келген жоқ.

Шариғатты мойындауды қолдау бойынша эстафетаны аз уақыт өткеннен кейін Ұлыбританияның корольдік бас сот Николас Филлипс ислам заңдары британ қоғамына пайда алып келуі мүмкін деп айта отырып, өз қолына алды [5].

Филлипс шариғаттың кейбір нормаларының легитимділігіне, олардың британдық заңнамаға қайшы келмеуі және дене жазаларын қолдануды көздемеу шарттары сақталған кезде ғана, жол беруге шақырды. Яғни Филлипс пен Уильямс Ұлыбританияның кейбір тұрғындарының өз өмірлерін шариғат нормаларына, егер ол британ заңнамасымен кепілдендірілген құқықтарға қайшы келмесе, ерікті түрде бағынышты етулері мүмкін екендігін мойындады. Бұл жерде сөз шариғаттың азаматтық нормаларының мойындалуы және оларды үштік және арбитраждық соттардың тәжірибесінде легитимділігін мойындау туралы болды. Филлипс «бейбіт келісім және дауды шешудің басқа да альтернативалық түрлері шариғатқа негізделуі мүмкін болмауын көрсететін себептер жоқ» дей отыра, мемлекетте шариғат заңнамасының табиғатын «түсінбеушілік кең етек алған» дегенді ерекше көрсеткен.

«Бұл мемлекетте келісімге отыратын адамдар ол келісімді ағылшын заңдары емес басқа заңдар реттейтіндей етіп өзара келісе алады. Бұл мемлекетте өздеріне тиесілі құқықтар бойынша араларында келіспеушілік орын алған адамдар, дауды шешуді олар таңдаған үшінші жаққа ұсынуға немесе орын алған келіспеушіліктер таңдалған арбитр немесе арбитрлермен шешілсін деп келісуге құқылы», — осылайша Филлипс мұсылмандардың даулы жағдайларда шариғат соттарына жүгіну қажеттіліктерінің заңдылығын негіздеді. Сол себептен ол архиепископтың пікірін ресми түрде қолдады. Сондай-ақ ол шариғат заңдары тек дене және өлім жазасына құқық береді деп түсінудің дұрыс еместігі туралы айтты.

XX ғасырдың аяғына қарай Канаданың Онтарио штатының сот билігі аталмыш пікірге келді. Олар жергілікті азаматтық соттарға жеңілдік жасау мақсатымен мұсылмандық, еврейлік, католиктік діни топтарға ажырасу, балаларды қамқоршылықты жүзеге асыру және мұрагерлікке қатысты отбасы дауларында арбитр болуға мүмкіндік берді. 2004 жылы Канада құқықтық экспериментке кірісті. Ол бойынша сол кезде 600 мың адамды құрайтын исламдық азшылыққа даулы сұрақтарды шешу үшін шариғат сотына жүгінуге мүмкіндік берілді. Канадалық шариғат сотына көптеген азаматтық дауларды — ажырасулардан бастап бизнес саласындағы дауларға дейін шешу бойынша уәкілеттіліктер беру жоспарланған болатын. Соттауды бұрынырақ құрылған, беделді имамдар мен ислам құқығының мамандары жүргізуі тиіс болатын, Исламдық әділсот институты жүзеге асырады деп көзделген болатын. Экспериментті жоғарыда аталып кеткен Онтарио штатында бастау жоспарланған болатын, ал оның негізі 1991 жылы қабылданған және аталған мәселелерді иудейлік және католиктік қауымдарды өздерінің заңдары бойынша шешуге жол берілген арбитраждық акт болуға тиіс еді [6].

Шариғат сотымен қабылданған барлық шешімдер Канадада қабылданған құқықтар мен бостандықтар Хартиясына қайшы болмауы тиіс еді. Ал қылмыстық істерді шариғат сотының құзыреттілігіне жатқызбау көзделген еді. Қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы бойынша қадағалау міндеті кәдімгі соттарға жүктеу көзделген болатын. Сонымен қатар провинцияның бұрынғы бас прокурордың басшылығымен Комиссия құрылды. Дәл осы Комиссия діни соттарды, оның ішінде Шариғат сотын да заңдастыруды ұсынған болатын. Осының барлығы Онтарио штатын шариғатты ресми түрде мойындауға әкеле жатқан болатын. Бірақ ол бастамашылық Канада қоғамында қажетті түсінуге ие болмады. Өзінің қажеттілігі мен негізділігіне қарамастан, сол кезде көпшілік аталған сот реформасының мәнін түсінбеді. Тұрғындардың наразылықтары Канада аумағынан шығып кетті. Канаданың және Еуропаның көптеген қалаларында қарсылық білдіру акциялары жүріп өтті. Сондай-ақ Онтарио провинциясының премьері Далтон Мак Гинти Канаданың ең әйгілі азаматшалары қол қойған ашық хат алды. Олар үкіметті либералдық демократияның негізі — шіркеудің мемлекеттен бөлінуін есепке алмағаны үшін сынады.

Бұл сын, жергілікті бақылаушылардың айтуы бойынша, премьердің қарсы шешім қабылдауына себеп болды. Келесі күні өзінің шешімінің министрлер кабинетімен мақұлданып күтпей, ол діни арбитраждың барлық нысанына тыйым салуға уәде берді.

Онтарио премьерінің батыл қадамы көпшілікті таң қалдырды. Далтон Мак Гинти Шариғатпен қоса иудейлік және католиктік арбитражға да тыйым салды. Канаданың еврейлік конгресінің жергілікті өкілі өзінің қарсылығын білдірді. «Премьер діни қоғамдардың өкілдерімен кеңес жүргіз-

генде дұрыс болар еді», — деп журналистерге Дж. Ричлер мәлімдеді. Канадалық ислам конгресінің басшысы Мохаммед Илмасри де премьердің шешімінің қателігін айтты.

Дегінімен болған зат болды, канадалық қоғам аталмыш сот реформасына дайын болмады. Бірақ көптеген шенеуніктер, саясаткерлер мен заңгерлер, керісінше, ондай реформаның қажеттілігі туралы айтқан болатын.

Десе де канадалық эксперимент үлкен қызығушылық тудырды. Біріншіден, биліктің діни азшылыққа көрсеткісі келген қамқорлығымен және де, екіншіден, өте жауапты реформаны дайындаудың сапалылығымен.

Ал Британиядағы Шариғат әділсотын заңдастырудың қажеттілігін билік пен қоғамның түсінуіне байланысты жағдай жетіле берді. Исламдық соттар барлық ірі қалалардың мұсылман қауымдарының ішінде үлкен қарқынмен жұмыс істеп жатты. Бұл инстанциялар Британияның ресми билігімен мойындалған жоқ. Олар мұсылмандардың өздерімен даулық сұрақтарын шешу үшін құрылып отырды. Исламдық үштік сот сұрақтардың кең көлемі, мысалға, ажырасу, мұрагерлік, сауда, некеге отыру және тағы да басқа сұрақтар бойынша туындаған мәселелерді шешумен айналысты. Уильямс пен Филлипстің бастамшылығына дейін, әр түрлі деректер бойынша, Британияда шамамен 30 шариғат соттары қызмет етті деп саналды. Бірақ мемлекеттің бүкіл аумағында — Лейтонда, Шығыс Лондонда, Роторхемде, Дьюсбериде, Батыс Йоркте және тағы басқа жерлерде олардың саны 10–12 құрады. Ал Бирменгемде Шариғат соты 1982 жылдың өзінде қызмет етті.

Ал енді Британияның «Санди таймс» атты газеті Шариғат сотының қолданылуы ресми түрде танылғандығын және Ұлыбританияның сот өндірісі жүйесінде қолданыс тапқандығы жарияланды. Ол басылымның мәліметтері бойынша, үкімет, артық назарды аудартпай, некені бұзу, қаржы даулары және мұсылман отбасыларындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтар туралы істерді шешу кезінде Шариғат заңдарына жүгінетін соттардың уәкілеттіліктерін санкциялады. Сондай-ақ мемлекетте қызмет ететін бес шариғат соттарының шешімі кәдімгі немесе Жоғарғы соттардың мақылдауы арқылы британдық сот өндірісінің жүйесімен қамтамасыз етіледі. Жаңа уәкілеттіліктерге ие болған аталмыш Шариғат соттары, Лондонда да, Бирменгемде де, Бредфордте де және Манчестерде де құрылды, ал олардың координациялық орталығы Нанитонда (Йоркшир графтігі) орналасты. Глазго мен Эдинбургте де сондай соттарды құру жоспарланған.

Ұлыбританияның Шариғат соттарын бақылайтын Мұсылман арбитраждық коллегиясының мүшесі шейх Фаиз аль-Актаб Сиддики аталған соттардың уәкілеттіліктерін бекіту кезінде, Канададағындай 1996 жылғы «Арбитраж туралы» Заңның бір бабын қолданды. Ол бап бойынша шариғат соттары арбитраждық немесе үштік сот ретінде сараланады, ондай соттардың шешімдері, даудың екі жағы да ондай сотқа өздерінің істерін қарауға уәкілеттілік беруге келіссе, заң бойынша міндетті болып табылады.

«Біз «Арбитраж туралы» Заң бойынша немесе Жоғарғы соттың құқықтық санкциясымен қамтамасыз етілетін шешім қабылдай алатындығымызды түсіндік. Аталмыш заң даулы сұрақтарды арбитраждық сот сияқты альтернативалық инстанцияларда шешуге мүмкіндік береді. Аталған әдіс дауды альтернативалық шешу деп аталады, ал мұсылмандар үшін ол шариғат соты болып табылады», — деп мәлімдеді Сиддики.

Осылайша, Британия шариғаттың азаматтық нормалары заңды деп танылған батыстық алғашқы мемлекет болып табылды. Британ аралдарында шариғатты мойындау британдық дәстүрге сәйкес артық эмоциясыз өтті. Бірақ бұл факт бірінші кезекте британдық билік өкілдері мен британдық мұсылмандардың исламның және қазіргі әлемдегі шариғат әділ сотының дамуындағы маңызды қадам жасағандығын білдіреді. Шүбәсіз аталған факт ислам тарихына, мұсылмандардың басқа да жетістіктерімен қоса жазылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Дорошенко Е.А.* Шиитское духовенство в современном Иране. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Знание, 1985. — 259 с.
2. *Попова А.И.* Ислам в Юго-Восточной Азии: проблемы современной идейной эволюции. — М.: Гранд, 1981. — С. 107.
3. *Лихачев В.А.* Уголовное право в независимых странах Африки. — М.: Знание, 1974.
4. [http://news.bbc.co.uk/2/hi/uk\\_news/politics/7233335.stm](http://news.bbc.co.uk/2/hi/uk_news/politics/7233335.stm) news.bbc.co.uk
5. <http://www.guardian.co.uk/uk/2008/jul/04/law.islam>
6. [http://news.bbc.co.uk/hi/russian/news/newsid\\_4240000/4240990.stm](http://news.bbc.co.uk/hi/russian/news/newsid_4240000/4240990.stm).